

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1360 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 154-құжат; 1999 ж., N 8, 239-құжат; N 23, 925-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2003 ж., N 1-2, 13-қ ұ ж а т) :

1) 11-баптың 1) тармақшасындағы "16 жасқа дейінгі мүгедек- балалар" деген сөздер "18 жасқа дейінгі мүгедек-балалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 12-баптың 1) тармағындағы "16 жасқа дейінгі мүгедек- балаларға" деген сөздер "18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларға" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 8, 238-құжат; N 23, 925-құжат; 2000 ж., N 23, 411-қ ұ ж а т ; 2 0 0 1 ж . , N 2 , 1 4 - қ ұ ж а т) :

1) 4-баптың 8) тармақшасындағы "16 жасқа дейінгі мүгедек- балалар" деген сөздер "

18 жасқа дейінгі мүгедек-балалар" деген сөздермен ауыстырылсын;
2) 7-баптың 11) тармағындағы "16 жасқа дейінгі мүгедек- балаларға" деген сөздер "18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларға" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-құжат; 2001 ж., N 13-14 173-құжат; N 24, 338-құжат):

1) 1-баптың 20-1) тармақшасында "ауыл, (село) жастары" деген сөздерден кейін ", мүгедектер," деген сөзбен толықтырылсын;

2) 4-баптың 5-тармағының екінші бөлігінің үшінші абзацындағы "бала кезінен мүгедектер" деген сөздерден кейін ", мүгедек балалар" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 13-баптың 3-тармағында:
екінші бөліктегі "бала кезінен мүгедектер" деген сөздерден кейін ", мүгедек балалар" деген сөздермен толықтырылсын;

4) мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"І және ІІ топтағы мүгедектер және мүгедек балалар үшін кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түскен кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді."

4. "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2001 ж., N 3, 18-құжат) :

1) 7-бап мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу;

5-2) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын құру;"

5. "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; 2003 ж., N 18, 142-құжат):

1) 87-1-бап мындай мазмұнмен толықтырылсын:

"87-1-бап. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңдарды бұзушылық Жұмыс берушінің, лауазымды адамның мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңдарды бұзушылығы -

жұмыс берушіге немесе лауазымды адамға екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде, заңды тұлғаға - төрт жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшердегі айыппұлға әкеліп соқтырады.";

1) 502-бап алынып тасталсын;

2) 574-баптың бірінші бөлімінде "баппен" деген сөз ", 87-1-баптармен" деген сөздермен толықтырылсын.

6. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 жылғы N 17-18, 243-құжат):

78-баптың 10-тармағының 2) тармақшасындағы "денсаулық сақтау," деген сөздерден кейін "халықты әлеуметтік қорғау," деген сөздермен толықтырылсын.

7. "Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 жылғы N 17, 154-құжат):

1-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мүгедек бала - аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан туындаған, тіршілік әрекетінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғаудың қажеттігіне әкеліп соқтыратын, ағза функциясының тұрақты бұзылушылығы бар, 18 жасқа дейінгі адам;".

2-бап. Осы заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті